

ҒТАХР 14.15.01

Ж.Б. Нұрбекова¹

¹№42 орта мектебі

(Алматы облысы, Іле ауданы ҚазЦИК ауылы)

ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация

Мақалада жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшелігі мен тиімділігі туралы айтылады. Жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде қазақ тілін оқытудың ерекшеліктері мен мұғалімнің сабақта тиімді пайдалану ерекшеліктері жан-жақты талданған.

***Түйін сөздер:** жаңартылған оқу бағдарламасы, инновация, заманауи технологиялар, бағалау жүйесі.*

Ж.Б. Нұрбекова¹

¹Средняя школа № 42

(ҚазЦИК, Илийский район, Алматинская область)

ОСОБЕННОСТИ ОБНОВЛЕННОЙ УЧЕБНОЙ ПРОГРАММЫ

Аннотация

В статье рассматриваются особенности и эффективность обновленной учебной программы. Особое внимание автор уделяет преподаванию казахского языка на основе обновленной программы, эффективности педагогических приемов.

***Ключевые слова:** обновленная учебная программа, инновации, современные технологии, система оценки.*

Zh.B. Nurbekova¹

¹Secondary school № 42

(KazCIK, Ili district, Almaty region)

PECULIARITIES OF THE UPDATED SCHOOL TRAINING PROGRAMME

Annotation

The article analyzes the effectiveness of updated school training programme. A special attention is given to the teaching of Kazakh languages based on the updated training programme and the effectiveness of pedagogical methods and techniques.

***Key words:** updated curriculum, innovation, advanced technologies, system appraisal.*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауында айтқандай:
«Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман

талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін — білім». Қазіргі даму кезеңіде білім беру жүйесінің алдында тұрған мақсаты: оқыту үрдісін технологияландыру болып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, жоғары оқу орындарында тәжірибеде қолдануда.

Дамыған қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейі мен даму бағытына байланысты екені баршамызға мәлім. Болашақ мемлекет кепілі бүгінгі жастарға берген білім мен тәрбие мәселесіне қатысты. Қазақтың талантты ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», – дегендей, жас ұрпаққа сапалы да саналы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы болып отыр.

Шындығында, мұғалімнің алдындағы үлкен жауапты міндет ол оқушыларға білім мен тәрбие беруде болып тұр. Қазіргі заман талабына сай әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Білім жүйесіндегі заман талабына сай енгізілген жаңартылған оқу бағдарламасы аясында жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетіп отыр. Қазіргі таңда оқушылардың мектепте жақсы әрі табысты оқуы ғана маңызды емес, олардың болашақ өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның кәсіби құзыреттілігіне байланысты екенін баршамызға мәлім. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы тиіс. Жаңа заман мұғалімінен күнделікті сабақ барысында оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Бұндай талапты орындау үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, яғни жаңартылған білім бағдарламасын жетік әрі жан-жақты игерген, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы қажет.

Соңғы жылдары білім беру саласында айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің дамуына ықпал етудің маңызды шарттарының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі болып табылады. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде

қолдануы керек», - деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам талабына сай болуы қажет. Өз ісінің шебер мұғалімі ғана жоғары жетістіктерге жете алады. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты – білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру әрі дамыту болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталып беріліп отыр [1].

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың түпкі мақсаты – мемлекеттік тілді құрметтейтін, қадірлейтін, оның қоғамдық мәнін түсінетін және тілдік нормаларынды сақтап, дұрыс қолдана білетін жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Жаңа білім беру бағдарламасы толық сілтемелер, мысалдар арқылы оқушы өз ойын еркін, ашық жеткізе білуге арналып жасалған. Қазіргі таңдағы бұл жаңаша оқу үдерісі мұғалім үшін де, оқушы үшін де берер пайдасы көп. Мұғалімнің нұсқауымен өз еркімен білім алатын оқушы қазіргі таңда заманауи инновациялық технологияларды пайдалана отырып, өз ойын ашық жеткізе алатын білімді ұрпақ бола алады.

Бұл бағдарлама тілдік дағдыларды ғана дамытып қоймай, сонымен қатар оқушының шығармашылық қабілеттерін қалыптастырып, баланың жалпы жеке тұлға ретінде дамуына бағытталып және оқушылардың білім мазмұнын анықтайды. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріп, критериалды бағалау жүйесіне өтті. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен бағаланады. Бүгінгі таңда оқушылардың әр пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланып жүр. Ол: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері

байланысты қамтамасыз етеді және оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылып жүр.

Жанартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Осы негізгі төрт дағдыны қалыптастыру қажет. Бұл әр дағдының ерекше түсінігі бар. Бағдарлама «Біз пән бойынша не білеміз және білімді қалай меңгереміз?» ұстанымы аясында ұйымдастыруды талап етеді. Пән бойынша білімді меңгеру оқу бөлімдерінде тілдік дағдыларды қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған. Оқу бөлімдері жинақталған білім мен түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерге бөлінген. Оқытудың мақсаттары әр бөлімше ішіндегі сабақтастықты айқындайды. Мұғалім мен оқушыға алдағы қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік береді [2].

«Қазақ тілі» пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс- тәсілдер

ҚР білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей т.б.) оқу үдерісінде «білім алу жолдарын білетін», өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді түрлі оқыту стратегияларын қолдану арқылы қалыптастырады және дамытады. Атап айтқанда, олар: диалогтік негіздегі мұғалім мен оқушының өзара біріккен оқу-танымдық іс-әрекеті үдерісін ұйымдастыру; мұғалім мен оқушының «субъект-субъектілік» дидактикалық қатынаста білім іздеу үдерісіне бірдей енуі; оқу проблемаларын шешу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтасқан шығармашылық ізденіс әдістерін қолдану; оқу проблемаларын шешудің әдіс-тәсілдерін оқушыларға дамыта оқыту ұстанымына сай жолмен құру және көрсету; оқушының жеке пікірін тыңдау, олардың бұрын меңгерген білімдері мен қалыптасқан түсініктерін әрі қарай дамыту үшін оны қолданудың маңыздылығын мойындау, соның негізінде білім беру мен білім алу үдерісін ынтымақтасқан білім алмасу үдерісіне айналдыру; өмірдің түрлі салаларына байланысты тілдік және сөйлеу

жағдаяттары мұқият іріктелген тапсырмалар мен оқу іс-әрекет түрлерінің көмегімен оқушыны қазақ тілін өз бетімен үйренуге ынталандыру; оқу ойындарын қолдану; ойын және зерттеу әдісі; қазақ ұлттық салт-дәстүрлерінен, қазақ фольклорынан театрландырылған үзінділер бойынша рөлдік ойындарды қолдану; қоғамдық ресурстарды (кездесулер, саяхатқа шығу) үйлесімді пайдалану; оқушылардың білім алуына «Оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау көрсету; жоба әдісі негізінде оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне және зерттеу әдіс-тәсілдеріне негізделген белсенді оқуын марапаттау; сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту; жеке және жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстарды өзара үйлесімділікпен қолдану. ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (интерактивтік тақта, компьютер, телефон, теледидар т.б.) орнымен қолдану арқылы оқушылардың қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын үнемі арттырып отыруды қамту. «Қазақ тілі» пәнін оқытуда басшылыққа алынатын ұстанымдар: қазақ тілінен оқушылардың ауызша сөйлеу және жазу бойынша функционалдық сауаттылығын қалыптастыру; оқушының қатесі үшін жазалап оқытуға болмайды, қателерін түзету үшін оқыту керек; оқушы мен мұғалім арасында сыйластық әрі ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптастыру; оқушылардың жеке ерекшелігін ескере отырып, коммуникативтік іс-әрекет түрлерін меңгертуде арнайы деңгейлік тапсырмалар жүйесін қолдану; жоба әдісін қолдана отырып, топтық жұмысқа жағдай туғызу, топта өзге топ мүшелерімен еркін жұмыс жасауға баулу (мысалы: әр балаға топтың белсенді мүшесі, кейде топ басшысы болуға мүмкіндік жасау); өз ойларын еркін айтуға, жеке шешім қабылдауға мүмкіндік беру; тапсырмаларды өмірлік шынайы жағдаяттармен байланыстыра отырып қолдану және өз бетінше білімін жетілдіруге баулу; түрлі белсенді шығармашылық, практикалық жұмыстарды қамтитын оқу дағдыларын қалыптастыру; өзіндік ізденіс пен қосымша материал пайдалануды қажет ететін тапсырмаларды орындау; «Не білемін? Не білгім келеді? Нені үйрендім?» түріндегі кері байланысты жүзеге асыру; рефлексиялық жаттығулар орындату; оқушылардың біліміне жүйелі мониторинг жүргізу; оқушының өз білімін жетілдіру және бағалауға ынталандыратын мүмкіндіктер жасау; оқушыға алған білімін өмірде қолдана білуге үйрету [3].

Ойымды қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні – ол баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін болашақ өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылып, ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеліп отыр. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық

салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдердің тынымсыз еңбектенуі қажет етіледі. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де әлі көп. Мұғалім болашақтағы өзгерісті байқағысы келсе, онда сол өзгерісті уақытында жасауы керек, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бүгіннен бастағаны абзал. Жаңартылған білім бұл болашақтың кепілі. Жаңартылған білім беру бағдарламасы қазіргі заманауи озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. – Астана, 2012. – 306 б.
2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Интернет ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013182#z2343> (қаралған күні 04.11.18 уақыты 17:45)
3. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы. Тренерге арналған нұсқаулық. – Астана, 2016. – 11 б.

References:

1. *Mugalimge arналған nusqaulyq. Ushinshi (negizgi) dengej.* – Astana, **2012.** – 306 b. (*In Kazakh.*)
2. *QR orta bilim mazmunyn zhanartu enberinde qazaq tilinde oqytatyn mektepterdegi bastauysh synyp panderi bojnynsha pedagogika kadrlarynyn biliktiligin arttyru kursynyn bilim beru bagdarlamasy.* Internet resurs: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013182#z2343> (qaralghan kuni 04.11.18 uaqyty 17:45) (*In Kazakh.*)
3. «Tazhiribedegi refleksija» zhalpy bilim беретін mektepterdegi pedagogika kadrlarynyn kasibi damu bagdarlamasy. Trenerge arналған nusqaulyq. – Astana, **2016.** – 11 b. (*In Kazakh.*)